


Ертеде бір алма
ағашы болыпты





Алма ағашы
кішкентай баламен
дос болыпты



Бала екеуі
күн сайын
бірге
ойнайды
екен






Ағаш баланы йіліп,
құшақ жая қарсы алады.



Бала өзін үлкен сезініп
мәз мейрам болады.






Ағашқа өрмелеп,

88



Бұталарымен алысып
ойнайды.



Жемісін
жеуді де
ұмытпапты.






Кей күндері
тығылысып та
ойнайды екен.



Шаршаған кезде ағаштың
көлеңкесінде жатып
ұйықтап та алады.



Ағаш екеуі
ажырамас,

Шынайы достар
болыпты.



Екеуі де
бақытты
күй кешіпті.



Бірақ қатал
тағдыр өте
шығады.
Бала есейіп,



Өзіне басқа
дос, жар
тауып алады.




Күндердің күнінде
ағаш жалғыз
қалыпты.


Араға жылдар салып әлгі бала
ағашқа келіпті.

Ағаш: “Кел, үстіме шық,
жемісімді же, ойнайық”

-”Мен есейдім, ержеттім. Олай
ойнай алмаймын. Сен одан да
маған ақша берші”-дейді бала.


-Менде ақша қайдан болсын?
Бірақ менің жемісімді алып
сатсаң болады- дейді алма.





Бала алманың бірін де
қалдырмай теріп алады
да кете барады.

Ағаш тағы да жалғыз
қалады...



Арадан бірнеше жыл өтеді.
Бала ағашқа қайта келгенде
ағаш қатты қуанады.

-Кел, ескі күндердегідей
ойнайық,- дейді шаттана.


-Менің қазір жанұям бар.
Оларды асырау керек.
Баспана керек. Сен одан да
маған көмек бере аласың
ба?-дейді бала

Саған берер үйім жоқ.
Қаласаң менің бұталарымды
кесіп баспана салып ал –
дейді ағаш.



Бала ағаштың
барлық
бұталарын кесіп,
арқалап кете
барады.





Ағаш тағы да
жалғыз қалады...



Бала ағашқа қайта келгенде, көптен көрмеген досын көріп ағаш қатты қуанады.

-Бұрынғыдай ойнайықшы демеімін. Жай ғана сөйлесек те болады , - дейді ағаш.



Бірақ бала қартайғанын айтып шағымданады.

-Маған қайық керек. Алыс сапарға шығып демалғым келеді- дейді.

Менде қайық жоқ. Бірақ менің кеудемді алып қолдансаң болады – дейді ағаш.



Бала ағашты шауып қайық жасауға алып кетеді



Араға жылдар салып қайта келеді.

-Кешір, саған берер ешнәрсем қалмады ,- дейді ағаш
мұңайып.

-Жемісім де жоқ...

- Оны жейтін менде тіс те жоқ.

-Сен өрмелеп ойнайтын кеудем де жоқ...

-Оған шығатын менде күш те жоқ.



- Қураған тамырларымнан басқа саған берер ешнәрсем қалмады,- дейді жылап тұрып.
- Маған ешнәрсенің қажеті де жоқ.Тек отыратын жайлы орын болса болғаны,- дейді бала күрсініп.



Олай болса кел маған
сүйеніп отыр – дейді ағаш.

Бала ағашқа сүйеніп
отырғанда ағаш
қуаныштан жылап қоя
береді...



Бұл әңгіме баршамызға қатысты. Ағаш- біздің ата
анамыз. Бала - Біздерміз.

Жас кезімізде немесе қажет болғанда ғана еске аламыз.
Біздің бақытымыз үшін олар ешуақытта аянбайды.

Сіз қалай ойлайсыз?...

